

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР СУЫН ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Альбина  
ПРНИЯЗОВА\*

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторанты, Астана, Қазақстан, [a.prniazova@apa.kz](mailto:a.prniazova@apa.kz), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0840-8003>

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 05/12/2022

DOI: 10.52123/1994-2370-2023-972

ӨЖ 327:556:182

ҒТАХТК 11.25.67

**Аңдатпа.** Орталық Азия аймағындағы трансшекаралық өзендер суын пайдалану мәселесі аймақ елдері арасындағы қатынастардың экологиялық, әлеуметтік және экономикалық проблемаларының негізгі бөлігіне айналды. Арал теңізі бассейнінің трансшекаралық су ресурстарын пайдалану кезінде ұлттық мүдделерді сақтау және қорғау мәселесі Қазақстан үшін ерекше өзектілікке ие. Себебі, шектеулі және осал су ресурстары жағдайында еліміздің оңтүстік аумағын қажетті су мөлшерімен қамтамасыз ете отырып, Арал теңізінің экологиялық ахуалын жақсарту мәселесі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің ажырамас бөлімдерінің бірі болып табылады. Орталық Азиядағы су ресурстарының біркелкі бөлінбеуі жоғарғы және төменгі ағыс елдерінің өзара тәуелділігін шиеленістіре түсті, сондықтан суды пайдаланушылардың мүддесін қорғауға бағытталған шаралар жүйесі Қазақстанның көрші елдермен қарым-қатынасында басым позицияларға ие болуға тиіс.

Зерттеуде Амудария мен Сырдария трансшекаралық өзендердің суын пайдалану мәселелері, олардың аймақ мемлекеттерінің қарым-қатынасына әсері қарастырылған. Құрылымдық, жүйелік және салыстырмалы талдау әдістерін қолдана отырып, Орталық Азия елдері үшін трансшекаралық су пайдалануды реттеудің бағыттары мен мүмкіндіктері сарапталды.

**Түйін сөздер:** Орталық Азия елдері, аймақ, трансшекаралық өзендер, су ресурстары, реттеу, интеграция, ұлттық қауіпсіздік, мемлекетаралық келісімдер.

**Abstract.** The problem of using water resources of the transboundary rivers of the Central Asian region has become an important part of the environmental, social and economic problems of relations between the countries of the region. Of particular relevance for Kazakhstan is the issue of preserving and protecting national interests of the country in the use of transboundary water resources of the Aral Sea basin. At the same time, in the conditions of limited and vulnerable water resources, the issue of improving the environmental situation of the Aral Sea and providing the southern territories of the country with the necessary amount of water is one of the integral parts of the national security of the state. The uneven distribution of water resources in Central Asia has exacerbated the interdependence of the upstream and downstream countries, so the system of measures aimed at protecting the interests of water users should take priority positions in Kazakhstan's relations with neighboring countries. The study examines the issues of water use of the transboundary rivers of the Amudarya and Syrdarya, their impact on the relations between the states of the region. The directions and possibilities of regulating transboundary water use for the countries of Central Asia are analyzed using the methods of structural, systemic and comparative analysis.

**Keywords:** Central Asia countries, region, transboundary rivers, water issue, regulation, integration, national security, interstate agreements.

**Аннотация.** Проблема водоиспользования трансграничных рек в Центрально-азиатском регионе стала основной частью экологических, социальных и экономических проблем отношений между странами региона. Особую актуальность для Казахстана приобретает вопрос сохранения и защиты национальных интересов при использовании трансграничных водных ресурсов бассейна Аральского моря. Вместе с тем, в условиях ограниченных и уязвимых водных ресурсов вопрос улучшения экологической обстановки Аральского моря и обеспечение южных территории страны необходимым количеством воды является одним из неотъемлемых разделов национальной безопасности государства. Неравномерное распределение водных ресурсов в Центральной Азии обострило взаимозависимость стран верхнего и нижнего течения, поэтому система мер, направленных на защиту интересов водопользователей, должна занимать приоритетные позиции в отношениях Казахстана с соседними странами.

В исследовании рассмотрены вопросы водоиспользования трансграничных рек Амударьи и Сырдарьи, их влияние на взаимоотношения государств региона. Проанализированы направления и возможности регулирования трансграничного водопользования для стран Центральной Азии с использованием методов структурного, системного и сравнительного анализа.

**Ключевые слова:** Страны Центральной Азии, регион, трансграничные реки, водные ресурсы, регулирование, интеграция, национальная безопасность, межгосударственные соглашения.

\*Хат-хабарларға арналған автор: А. Прниязова, [a.prniazova@apa.kz](mailto:a.prniazova@apa.kz)

## Кіріспе

Орталық Азия аймағындағы өзекті мәселелердің бірі-кеңестік кезеңде белгіленген су ресурстарын бөлудің ескі қағидаттарынан су ресурстарын интеграцияланған басқару жүйесіне мақсатты түрде көшу. Аталмыш жүйе жай ғана техникалық мәселе емес, ол ауыл шаруашылығы, энергетика және өнеркәсіп сияқты салаларда суды пайдаланудың кешенді тәсілін қажет етеді. Кеңес заманында суды бөлу және басқарудың орталықтандырылған, яғни «централизм» жүйесі қызмет етті. Орталықтандырылған жүйе қызметі сумен жабдықтау қызметіне «айырбастау» үшін төменгі ағыс елдерінің (Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстан) жоғарғы ағыс елдеріне (Қырғызстан мен Тәжікстан) міндетті энергия жеткізудің өзіндік бірегей жүйесін енгізді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін су ресурстарын басқарудағы «централизмнен» ауысу су ресурстарын бөлудегі теңгерімсіздікке әкелді, ал бұл өз кезегінде, Орталық Азия елдері арасында бірден саяси-экономикалық шиеленісті туғызып, ең өзекті трансұлттық проблемалардың біріне айналды. Аймақтағы әр мемлекет өзінің тәуелсіз даму жолын іздестіруде саяси және экономикалық маңызы бар су мәселесіне басты назар аударып, су ресурстарына өзінің мемлекеттік шекаралары шегінде, заңнамалық деңгейде егемендік құқығын орнатты. Мұндай құқық суару жүйелері трансшекаралық су ресурстарына тәуелді төменгі ағыс елдері үшін күрделі әсерін тигізді. Аймақтық өзендердің – Сырдария мен Амударияның жоғарғы ағысында орналасқан Қырғызстан мен Тәжікстан ғана суға толық қол жеткізе алды да, төменгі ағыста орналасқан Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан су тапшылығынан зардап шекті.

Сондай-ақ, Орталық Азия елдері арасындағы трансшекаралық су мәселелері жаһандық климаттың өзгеруіне де ықпал етті (Raymond, 1962). Өйткені, Орталық Азия елдері климаттың өзгеруіне ең осал, құрғақ аймақтарда орналасқан. Климаттың өзгеруі бүкіл аймақтағы маңызды қызмет саласы болып табылатын ауыл шаруашылығы секторына жағымсыз әсерін тигізді. Су мәселесі энергетикалық ресурстарды, қажетті азық-түлікті өндіру

проблемаларымен бірге, Арал-Сырдария бассейніндегі экологиялық апатпен байланысты аймақтардың біріне айналуына тікелей себепші болды.

Мемлекеттер арасында суды реттеудің келісілген саясатының болмауы Орталық Азия елдерінің ұлттық қауіпсіздігіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына және өңірдің экологиялық ахуалына теріс әсер ете отырып, жағдай әлі де болса, тұрақтанбай отыр. Бүгінгі күні аймақ елдері сыртқы және ішкі реттеу механизмдерін біріктіру арқылы трансшекаралық су мәселелерін шешуге тырысуда. Мемлекеттердің ұлттық мүдделеріне сәйкес келетін мәселенің шешімі - Арал теңізіне құятын трансшекаралық Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан Қазақстан үшін аса маңызды.

## Зерттеу әдістемесі

Орталық Азия елдерінің шекаралас өзендерді пайдалану саласындағы ынтымақтастығының шарттық-құқықтық негізі 1992 жылы ақпанда Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекетаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану туралы негіздеделік келісімді қабылдау арқылы қаланды.

Қазіргі кезеңде тиімді мемлекетаралық ынтымақтастық негізінде су ресурстарын ұтымды пайдалану қажеттілігі өңірдің орнықты дамуының және Орталық Азиядағы саяси тұрақтылық пен қауіпсіздіктің негізгі факторы болып табылады. Аймақ елдерінің қажеттіліктері мен мүдделерін толық ескеріп, су ресурстарын интеграциялық негізде басқару тәсілі Орталық Азияның су бассейндеріндегі экологиялық тепе-теңдікті де сақтауға мүмкіндік береді (Mukhametzyanov, 2006).

Сыртқы саяси басымдықтарда Орталық Азия елдерінің Амудария, Сырдария трансшекаралық өзендерін пайдалануды реттеу үшін жаңа мемлекетаралық келісімге келу қажет. Мемлекетаралық ынтымақтастық деңгейі, бір жағынан, өзара тартымдылық әлеуетін төмендететін ұлттық мүдделердің үстемдігіне және екінші жағынан, ортақ су ресурстарын басқарудың тиімді құқықтық

базасының болмауына байланысты, әлі де толық дамымай отыр. Орталық Азиядағы трансшекаралық сулар бойынша халықаралық екіжақты 263 келісімдерің, 157-сі су ағынын реттеу үшін пайдаланылды. Аталған келісімдер суды басқарудың әртүрлі салаларын қамтиды, атап айтсақ: келісімдердің 37%-ы суды пайдалануға, 39%-ы гидроэнергетикаға, 9%-ы су тасқынына, 6%-ы суды өнеркәсіптік пайдалануға, 4%-ы кеме қатынасы мен ластануға және 1% - ы балық аулауға байланысты (Garbuzarova, 2021).

Жұмыстың зерттеу әдістемесі құрылымдық, жүйелік және салыстырмалы талдауға негізделген. Зерттеуде салыстырмалы, статистикалық және жүйелік талдау әдістері, абстрактылы-логикалық әдістер, сондай-ақ сараптамалық бағалау қолданылды.

Бірнеше елдердің трансшекаралық су ресурстарын пайдалануды реттеу проблемасы халықаралық құқықтық аспектінің үстемдігін айқындағандықтан, пәнаралық тәсіл де қолданылды.

### Әдеби шолу

Орталық Азиядағы трансшекаралық су ресурстары бойынша мемлекетаралық ынтымақтастықтың құқықтық базасы Кеңес Одағы ыдырағаннан бері дамып келеді. Жаңадан құрылған Орталық Азия елдерінің интеграциялық құрылымының ең үлкен проблемасы аймақтық ынтымақтастық жүйесін «су мен энергияға қарсы» сақтау болды (Granita et al., 2012).

Қазіргі уақытта қазба отындарының шектеулі қорына байланысты Қырғызстан мен Тәжікстан Орталық Азияның трансшекаралық су ресурстарының энергетикалық әлеуетін пайдалануға мәжбүр. Жыл сайын қыс мезгілінде Қырғызстан мен Тәжікстан тұрғындары энергиямен жабдықтаудың жеткіліксіздігінен зардап шегеді, сол үшін де қыс мезгілінде энергия өндіру үшін су шығаруға мүдделі. Өз кезегінде, төменгі ағысында орналасқан елдер – Қазақстан, Түркіменстан және Өзбекстан – олардың экономикалық дамуының негізгі көзі болып табылатын суармалы егіншілікті жүргізу үшін қыста суды сақтауға және жазда оны ағызуға сүйенеді. Суды пайдаланудың екі түрі де қыс мезгілінде гидротехникалық құрылыстардың қарама-

қарсы жұмыс режимдерін қажет етеді: біріншісі - гидроэнергетика үшін су шығару үшін немесе екіншісі - суару мақсатында суды сақтау. Сонымен қатар, халықтың өсуі, өнеркәсіптік даму және экожүйелердің қажеттіліктерін қамтамасыз етуде суды тұтынудың жылдан-жылға артуына әкелді және суды тарату жүйесін жаңаша реттеу қажеттілігін күшейтті. Аталған проблемалар аймақтық деңгейде біршама зерттелген (Рахматулина, 2008; Рысбеков, 2012; Мубаракшин, 2014; Амирханов, 2017). Сонымен бірге, осы мәселеге қатысты халықаралық деңгейде жүргізілген зерттеулер (Виноградов, 2002; Valentini et al., 2004; Ziganshina, 2011; Rahaman et al., 2012; Zonn et al., 2014; Gubaidullina, 2015; Voloskiy, 2016) кездеседі. Өлемдік деңгейдегі ауқымды зерттеулер «Өмірге арналған су» (2005-2015) атты халықаралық іс-қимыл онжылдығы барысында жарияланды (БҰҰ, 2005). «Тұрақты дамуға арналған су, 2018-2028 жылдар» іс-қимыл онжылдығына арналған жоғары деңгейдегі екінші Халықаралық конференция 2022 жылдың маусым айында өтіп, «Душанбе декларациясы» қабылданды (Душанбе декларациясы, 2022).

Бұдан бөлек, Халықаралық Аралды құтқару қоры жүзеге асыратын «Амудария атырауында шағын жергілікті су қоймаларын құру», «Арал өңірінің тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру», «Арал теңізінің түбінде орман екпелерін құру», «Оңтүстік Арал теңізіндегі су қоймаларының орнитологиялық мониторингі» Өзбекстан мен Қазақстан аралығындағы жобалар жүзеге асырылуда (Агенство МФСА в Узбекистане, n.d.).

Жалпы Орталық Азия елдерімен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес трансшекаралық суды бірлесіп басқару, пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында 2022 жылдың 30 қыркүйегінде Қытай Халық Республикасымен, Қырғыз Республикасымен, Тәжікстан Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен трансшекаралық суды басқару, пайдалану және қорғау жөніндегі

бірлескен комиссиялардағы Қазақстан Республикасының үкіметтік делегациясының құрамы Үкімен №731 қаулысымен бекітілді.

Бұл үкіметаралық бірлескен комиссиялар шеңберінде трансшекаралық суды бірлесіп басқарудың, пайдаланудың және қорғаудың өзекті мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының ұстанымын тұжырымдау көзделеді.

Соңғы жылдары су, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселесі халықаралық күн тәртібінде маңызды орын алды деуге болады. Сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі -БҰҰ) қарарында су мәселесі және жаһандық климаттың өзгеруі жағдайында дүние жүзінде су тапшылығының күшеюі атап өтілген. БҰҰ Бас Ассамблеясы 2018-2028 жылдарды «Су тұрақты даму үшін» халықаралық іс-қимыл онжылдығы» деп жариялады.

Дегенмен де, Орталық Азияның трансшекаралық суларына қатысты ағымдағы проблемалары мен қайшылықтары толық шешімін әлі тапқан жоқ.

### Нәтижелер

Қазіргі кезеңде Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік әртүрлі факторлармен анықталады. Солардың бірі ұлттық және аймақтық деңгейде, оның ішінде өзен бассейндері деңгейінде өршу әлеуеті артып келе жатқан трансшекаралық су ресурстарын бөлу мәселесі болып отыр. Кез-келген басқа шиеленістер сияқты, Орталық Азиядағы су қақтығысы қатысушы тараптардың мүдделерінің сәйкес келмеуінен туындайды. Аймақтағы суды бөлу проблемасы әр ел үшін стратегиялық маңызы бар және көбінесе олардың халықаралық қатынастарында «леверидж» ретінде қолданылады (Хакимов, 2013).

Мұнай мен газдан айырмашылығы, су әлі де «тегін» ресурс ретінде қабылданады. Ол көбінесе аймақтың басқа мемлекеттерінің өмірлік мүдделерін ескере отырып, суға тәуелді әртүрлі секторларды немесе салалық өзара тәуелділікті ескере отырып пайдаланылмайды. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап қалыптасқан құқықтық және институционалдық база мүдделер қақтығысын шеше алмады, бірақ оның одан әрі өршуіне жол бермеу үшін жеткілікті күш ретінде қалыптасты. Ал қазіргі уақытта трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мәселесі ынтымақтастықтың қолданысаясында Арал теңізі бассейнін қалыпқа келтірудің кешенді тәсілін тиісті түрде енгізу үшін шұғыл түрде нығайту мен жаңғыртуды қажет етеді.

Орталық Азиядағы су ресурстарының, ауыл шаруашылығы мен энергетиканың өзара байланысы Арал теңізі бассейніндегі табиғи-географиялық жағдаймен тікелей байланысты. Орталық Азия аумағының 60%-ын қамтитын бұл бассейн аумағында, 2020 жылғы жағдай бойынша, 60 млн адам немесе өңір халқының 80,7%-ға жуығы тұрады. Амудария мен Сырдарияны қоса алғанда, бассейннің барлық ірі өзендері Орталық Азияның барлық республикалары мен Ауғанстанның аумақтарын байланыстырады, сондықтан трансшекаралық сипатқа және мемлекетаралық мәртебеге ие. Бассейннің өзен ағысы - 115,1 км<sup>3</sup> немесе Орталық Азияның жаңартылатын су ресурстарының жиынтық көлемінің 51%-ы жоғарғы ағысында, яғни Қырғызстан мен Тәжікстанда қалыптасады. Арал теңізінің су ресурстары бөлігі бойынша талаптарды түсіну үшін Орталық Азия елдерінің әрқайсысының су бассейндерінің ұзындығы 1-кестеде көрсетілген.

**1 кесте - Арал теңізі бассейніндегі өзендердің жалпы ағыны (орташа көпжылдық ағын)**

Ел	Өзен бассейні, км <sup>3</sup> /жылына		Арал теңізінің бассейні	
	Сырдария	Амудария	км <sup>3</sup>	%
Қазақстан	2,426	-	2,426	2,1
Қырғызстан	27,605	1,604	29,209	25,1
Тәжікстан	1,005	49,578	50,583	43,4
Түркіменстан	-	1,549	1,549	1,2



Өзбекстан	6,167	5,056	11,223	9,6
Ауғанстан және Иран	-	21,593	21,593	18,6
Арал теңізінің жалпы бассейні	37,203	79,280	116,483	100

Дереккөз: <http://sic.icwc-aral.uz>

Жоғарыдағы кестеде келтірілген деректерді ескерсек, онда өз мемлекеті үшін ең қолайлышарттарға қол жеткізу әрекеттерінен туындайтын құқықтық жағдайды реттеу жөніндегі келіссөздердегі сәйкессіздіктер түсінікті болып көрінеді.

### Орталық Азия елдерінің ұлттық мүдделері мен суды реттеу бастамалары

Қазіргі кезеңде Орталық Азия елдеріндегі су мәселелесін шешу үшін жаһандық және аймақтық деңгейде бірқатар шаралар қабылдануда. БҰҰ және жекелеген елдердің (Ресей, ЕО елдері, Қытай сияқты) қатысуымен аймақтағы су және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдаланудың стратегиясын әзірлеудің құқықтық негізін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Су ресурстарын басқару бойынша ұсынылған саяси бастамаларға және аймақтағы трансшекаралық су проблемаларын үйлестірудің қолданыстағы механизмдеріне қарамастан, бұл мәселе өзекті күйінде қалып отыр. Осыған орай, Орталық Азия елдерінің саяси көшбасшыларының да трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін шешу жөніндегі өзіндік бастамаларының да ықпалы зор екендігін айта кету керек.

Қазақстан үшін табиғи-шаруашылық жүйелерін тұрақты сумен қамтамасыз ету жайы қолайсыз географиялық орналасуымен тікелей байланысты. Еліміздегі 8 су шаруашылығы бассейнінің 7-уі трансшекаралық, оның ішінде 3 миллионға жуық халқы бар, ауданы 343 мың км<sup>2</sup> алып жатқан Түркістан және Қызылорда облыстары үшін Арал-Сырдария бассейнінің орны ерекше.

Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан еліміздің суармалы өңірлерін сумен қамтамасыз ету режимі көршілес елдердің шаруашылық әрекеттерінің нәтижесінде сақталмай отыр. Сырдария сағасы мен Арал теңізінің құрғауынан табиғи ортаның нашарлауы, келеңсіз

экологиялық, әлеуметтік-демографиялық және экономикалық мәселелер туындатып отырғандығы белгілі.

2022 жылдың 24 мамырындағы Қазақстан Республикасының Үкімет отырысындағы Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баяндамасына сәйкес Республиканың жалпы су алу көлемінің 11,6 км<sup>3</sup> жуығы жүйелі суаруға келеді, оның 11,3 км<sup>3</sup> немесе 97% оңтүстік 4 облысқа келеді. Бұлар Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарының жалпы суармалы ауданы 1,28 млн га немесе республикадағы жалпы аумақтың 80% құрайды. Министрлік 2021-2022 жылдарға арналған өсімдік өспейтін және вегетациялық кезеңдердің жұмыс жоспарын бекітті. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2040 жылға қарай Қазақстанның су тұтынуы 56%-ға артып, су ресурстарының тапшылығы жылына 12 км<sup>3</sup> болуы мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстанның өзен бассейндерінде судың азаю циклі жалғасуда. Осының барлығы еліміздің оңтүстік өңірлерінде су ресурстарының тапшылығы қаупін арттырады (Интернет ресурс Премьер-Министра, 2022).

Қазақстан - трансшекаралық су мәселелесін шешуде көпжақты тәсілге сенім артып, алғашқы бастама көтерген мемлекеттердің бірі. Қазақстанның бұрынғы президенті Н.Назарбаев 2003 жылы алғаш рет Қазақстан халықаралық су-энергетика консорциумын құру туралы идеясын ұсынды (Калимолдаев и др., 2014).

Халықаралық су-энергетикалық консорциумын құру ирригация мен энергетиканың мүдделерін ескеретін Орталық Азия аймағының су-энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді орнықты механизмді қалыптастыруға әсер ететін болады. Бұл ретте консорциум аймақтағы су-энергетикалық алмасуға, жаз мезгілінде Тәжікстан мен Қырғызстан өндіретін электр энергиясын суғаруға жіберуге, су

қоймаларының ирригациялық режимдерін реттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электр энергиясын өндірушілердің мүддесі де сақталуы тиіс. Дегенмен, көршілес елдер бұл консорциумға қатысуға аса құлықты емес, оған басты себеп – әр елдің өз мүддесін жоғары қойып, географиялық жағдайын басымдылық немесе артықшылық ретінде ұстанып отыруында.

Жалпы, су мәселесіне қатысты аймақтық қарым-қатынаста міндетті, сондай-ақ ұсынымды құралдарды қамтитын келісімдердің бірнеше түрлері бар. Аймақтық су саласының құқықтық шегіне талдау жасаған Эрик Сиверстің сөздерінше, ТМД шеңберінде бір ғана Сырдария өзеніне қатысты отыздан астам екіжақты, үшжақты, төртжақты, аймақтық келісімдерге қол қойылған (Sievers, 2002).

Солардың қатарында негізгі аймақтық құжат ретінде 1992 жылдың 18 ақпанында қол қойылған «Су ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы» келісімді айтуға болады. Осы келісімнің негізінде үйлестіруші комиссия құрылып, «Сырдария» және «Амудария» бассейндік су шаруашылығы (БСШҰ) ұйымдары да құрылған болатын.

Осы келісімнің мақсаты айқын болғанымен, құжатта көрсетілген бірқатар міндеттер орындалмай қалды. Атап айтсақ, келісімнің 1-бабына сәйкес, «су ресурстарын пайдалануда теңқұқылылық» сақталады деп көрсетілген. Алайда, Бішкек бұл ұсынымды қолдамай, Қырғызстан аумағында шоғырланған су ресурстарын өзінің меншігі деп жариялады.

1993 жылы 26 наурызда Қызылорда қаласында «Арал теңізі және Арал аймағы мәселелерін, экологиялық сауықтыруды, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді бірлесіп шешетін ортақ шаралар туралы Келісім» деп аталған құжатқа қол қойылды (Ормышева, Кукеева, 2016).

Келісімге сәйкес, Арал теңізінің дағдарысы шеңберінде су ресурстарын жан-жақты басқаруды жүзеге асыру үшін Орталық Азияның Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы (МСШҰК), Арал теңізі мәселелері бойынша Мемлекетаралық кеңес, Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылды.

Су қатынастарын реттеуде келесі бір негізгі құжат 1998 жылдың 18 наурызында қол қойылған «Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы Келісім» болып табылады. Құжаттың 4-бабында вегетациялық кезеңде Тоқтоғұл су қоймасынан бөлінген суды пайдалану энергетикалық ресурстармен және ақшалай баламамен өтелуге тиіс деп көрсетілген (Соглашение Бишкек, 1998).

Бұл шарт суға өтемақы төлеу мәселесінің алғашқы қадамы ретінде қабылданды, дегенмен, оған жауапты мемлекеттік орган мен қаржы төлеу көздері қарастырылмағандықтан, көптеген жайттар шешілмеген күйінде қалды.

Атап айтсақ, Өзбекстан Орталық Азиядағы су ресурстарын, әсіресе Қырғызстаннан келетін суды ең ірі тұтынушы болып табылады. Өз кезегінде Қырғызстан Өзбекстаннан газ тұтынады. Газды уақтылы төлеуге жеткілікті қаражаты болмағандықтан, Қырғызстан қыста электр энергиясын өндіру үшін вегетациялық кезеңде су шығаруға шешім қабылдады. Тоқтоғұлдың жұмыс режимінің өзгеруі Ферғана алқабындағы елді мекендер мен ауылшаруашылық жерлерін су басуына және сәйкесінше жазғы құрғақшылыққа әкеп соқтырды. Осылайша, мемлекеттер арасындағы шиеленістің күшеюі су ресурстарын бөлу жөніндегі әлсіз саяси диалогтың нәтижесі болып табылады, бұл қақтығыстың шиеленісуіне әкелді. Осыған байланысты мемлекетаралық су және энергетикалық шекаралық қақтығыстар тұрақты орын алып отыр деуге де болады.

Мысал ретінде қақтығыстар хронологиясына немесе санына тоқтайтын болсақ, 2019 жылдан бері Тәжікстан мен Қырғызстан арасында: 2019 жылы – 4, 2020 жылы – 3, 2021 жылы – 1, 2022 жылы – 15 шекаралық қақтығыстар орын алып, 39 ға жуық адам шығыны да болған (Болатбеков, 2022).

Сонымен бірге, су ресурстарын бірлесіп пайдалануда Қазақстан-Өзбекстан қарым-қатынасының тағы бір проблемалық бағыты бар. Өзбекстаннан Сырдария өзенімен Қазақстанға 14,6 км. куб су ағады. Ауыл шаруашылығын дамыту бағытында Өзбекстан өз көршісінің мүддесін ескеруді тоқтатып, су алуды көбейтті, бұл Қазақстанның

экологиялық және экономикалық жағдайының нашарлауына әкелді. Сырдария өзені Тәжікстан мен Қырғызстан арқылы да өтетіндіктен, бұл мәселені шешу төрт мемлекеттің де күш-жігерін үйлестіруді қажет етеді. Бірақ олар ешқашан Нарын-Сырдария су қоймасы каскадының су-энергетикалық ресурстарын пайдалану жөніндегі үкіметаралық хаттамаға қол қойған жоқ. Қырғызстанда бай су ресурстары шоғырланған. ірі электр станциясы бар Қырғызстан Шу, Нарын және Талас сияқты ірі өзендері арқылы қолайлы гидроэнергетиканы дамыту мүмкіндіктері жоғары.

Сырдария мен Амудария бассейнінде орналасқан Тәжікстан трансшекаралық су ресурстарының шамамен 60%-ын құрайды. Тәжікстан-әлемдегі 6-шы гидроэнергетикалық ел. Елде Нүрек (елді электр энергиясының 70%-ын қамтамасыз етеді) және Рогун (тек 2 энергоблок жұмыс істейді, ал 4-ін іске қосу үшін инвестиция қажет) сияқты ірі гидроэлектростанциялар бар. Алайда, бүгінде Тәжікстан гидроэнергетикалық әлеуетін тиімсіз пайдалану проблемасына тап болды, сарапшылардың есептеулері бойынша қазіргі уақытта Тәжікстан өзендерінің гидроэнергетикалық әлеуеті орта есеппен 3,24%-ға ғана пайдаланылады (Janusz-Pawletta Barbara, 2012).

Осылайша, Қырғызстан мен Тәжікстан көмірсутек ресурстары жоқ, суды өздерінің ұлттық мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін стратегиялық ресурс ретінде қарастырады. Маңыздысу қоры өңірдің осы екі еліне тек ішкі қажеттіліктер үшін ғана емес, сонымен қатар экспортқа да электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Демек, бұл елдердің аймақтағы трансшекаралық су мәселелерін шешуге деген көзқарасы экономикалық прагматизмге негізделген. Себебі, аймақтың барлық елдерінің ішінде Қырғызстан мен Тәжікстан өздерінің әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен қиындықтарға тап болады. Сондықтан олар үшін су әлі де әлеуетті табыс көзі ретінде ұстап отыр. Жоғары ағымда орналасқан елдердің бұл ұстанымы болашақта аймақтағы саяси және экономикалық қақтығыстарды өршіте түсу қаупі бар.

Түркіменстан, трансшекаралық өзендердің төменгі ағысында орналасқан басқа елдер сияқты, су ресурстарына ие емес. Түркіменстанның ұстанымы Орталық Азиядағы су проблемаларын шешуге халықаралық құрылымдарды тарту қажеттілігіне негізделген. Түркіменстан экс-президенті Г.Бердімұхамедов БҰҰ базасында Орталық Азия үшін су мәселелері жөніндегі мамандандырылған орган құруды ұсынды. Түркіменстан суды пайдалы өнім ретінде қарастыруға қарсы, «экономикалық қызмет пен су ресурстарын сақтау арасында ақылға қонымды тепе-теңдікке қол жеткізілуі тиіс» деп есептейді (Turkmenportal, 2018).

Орталық Азия елдерінің нормативтік бастамаларына жасалған талдау аймақтың барлық елдерінің трансшекаралық суларды пайдалану мәселесін шешуге ниет білдіретінін көрсетеді. Бірақ оны шешудің әртүрлі тәсілдері нақты осы күнге дейін ұсынылмаған. Жалпы, Түркіменстан мен Тәжікстан бірегей механизмдерді пайдалануға ұмтылады, ал Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан өзара іс-қимылдың аймақтық форматын ұстанғысы келеді.

Біздің ойымызша, аймақтық деңгейде су ресурстарын басқарудың негізгі проблемаларын келесі түрде нақты атап көрсетуге болады:

- Орталық Азия елдері үшін бірыңғай нормативтік-заңнамалық базаның болмауы;

- қолданыстағы мемлекетаралық келісімдерді іс жүзінде іске асыру механизмінің жетілмегендігі;

- жоспарлау жүйесінің жетілмегендігі;

- халықаралық өзендер мен көлдер жөніндегі Конвенцияны Орта Азия аймағында қолдану күрделілігі (мысалы, Хельсинки -92).

Орталық Азия елдерінің трансшекаралық су мәселесін шешудегі әртүрлі тәсілдерді ескере отырып, ең жақсы шешім, Кеңес кезеңінде болған «айырбастау» жүйесінің тиімді тәжірибесін зерделеген дұрыс болар еді деген тұжырым жасауға болады. Жоғары ағысты орналасқан елдер төменгі ағысты орналасқан елдерді сумен қамтамасыз етті, ал «төмендегілер» су үшін көмірсутек ресурстарымен төледі.

Осылайша, өзара алмасу принципі аймақтағы су ресурстарының әділ бөлінуіне кепілдік берді және тұрақтандырушы факторға айналды. «Айырбастау» жүйесіне қайта оралу аймақтың барлық елдерін қажетті ресурстармен қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастықты нығайтуға жол ашып, мемлекетаралық қатынастарды жоғары деңгейге көтереді. Мұндай өзара тәуелділік жүйесін қалыптастыру аймақтандыру үдерістерін жеделдететін аймақтық интеграциялық құрылымды дамытудың алғы шарты бола алады.

### Қорытынды

Сарапшылар Орталық Азиядағы суды пайдалану мәселелерін екіжақты форматта шешу мүмкін емес деген пікірге келіседі. Негізінен, Қазақстан өңірдегі су-энергетикалық проблемаларды шешуді тұрақты қолдап келеді. БҰҰ-нің 75-ші Бас Ассамблеясының жалпы саяси пікірталасы барысында Президентіміз Қасымжомарт Тоқаев су концорциумын құруды ұсынды. Орталық Азия елдерінің арасында мұндай консорциумның құрылуы трансшекаралық өзендердің пайдалануын пайымды реттеуге ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Аймаққа су, энергетика және ауыл шаруашылығы мәселелерін кешенді шешумен және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етумен айналысатын тәуелсіз ұлттықтан жоғары орган қажет. Су заңнамасы әрбір трансшекаралық су бассейні үшін суды басқарудың тиісті стратегиясын құруға ықпал етеді. Арал теңізі бассейнінің жағалаудағы

мемлекеттері арасындағы бүгінгі ынтымақтастықтың деңгейі, әсіресе аталған барлық елдер арасындағы суды пайдалану проблемаларының ауқымы мен күрделілігін ескере отырып, өзара тиімділік үшін әлі де жақсаруы мүмкін. Оны дұрыс басқару алдағы жылдардағы екіжақты қатынастардың ең үлкен міндеттерінің бірі ретінде қарастырылуы керек.

Сонымен, Орталық Азияда су ресурстарын пайдалануды реттеу үшін мемлекеттер арасында су ресурстарын бөлудегі халықаралық тәжірибені, экономикалық механизмдерді, сонымен бірге, сектораралық байланыстарды, суға әлеуметтік-экономикалық және экологиялық қажеттіліктерді назарға ала отырып, аймақта су ресурстарын тиімді пайдаланудың стратегиясын бірлесіп әзірлеу қажет;

Сонымен қатар, елдер арасында деректер мен ақпараттың ашық алмасуын, автоматтандырылған мониторинг жүйесін, модельдеуді дамыту қажет. Жаңа келісімдерді әзірлеу кезінде Орталық Азия елдерінің су ресурстары мен энергетикасын басқару саласындағы әртүрлі ұлттық және аймақтық мүдделер толық ескерілуі тиіс.

Халықаралық ұйымдар мен әріптес елдерден су және энергетика ресурстарын пайдалануды реттеудің бірлескен механизмін әзірлеуде, соның ішінде су, ауыл шаруашылығы, экономика, қаржы, қоршаған орта және энергетика өкілдерінің, сондай-ақ, басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен Орталық Азия елдеріне көмек ретінде техникалық және құқықтық кеңестер берілгені оң ықпалын тигізер еді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Агентства МФСА в Узбекистане. (n.d.) Проекты осуществляемые Агентством МФСА. <<https://aral.uz/wp/projects-2/>> қаралған күні: 11.11.2022.
2. Анализ действующих соглашений между странами Центральной Азии в сфере водных взаимоотношений с точки зрения национальных интересов Казахстана/ Министерство сельского хозяйства Республики казахстан. Комитет по водным ресурсам. 2016 год. -14 с. <[http://cawater-info.net/reta/documents/pdf/analysis\\_kaz.pdf](http://cawater-info.net/reta/documents/pdf/analysis_kaz.pdf)> қаралған күні: 20.11.2022
3. Болатбеков, Ч. (2022) Пограничные уроки 2022 года для будущего Центральной Азии. <<https://www.ritmeurasia.org/news--2022-12-20--pogranichnye-uroki-2022-goda-dlja-buduschego-centralnoj-azii-63689>> қаралған күні: 03.11.2022.
4. Соглашение между Правительством Республики Казахстан, Правительством Кыргызской Республики, Правительством Республики Узбекистан об использовании водно-энергетических ресурсов бассейна реки Сырдарья (г.Бишкек. 17 марта 1998 г.) <<http://cawater-info.net/library/rus/gov1pdf>> қаралған күні: 18.11.2022.



5. Душанбе декларациясы (2022). Вторая международная конференция высокого уровня по международному десятилетию действий «Вода для устойчивого развития, 2018-2028» 6-9 июня 2022 года, г. Душанбе, Республика Таджикистан <<https://dushanbewaterprocess.org/wp-content/uploads/2022/06/2022>> қаралған күні: 12.11.2022.
6. Garbuzarova E. G. (2021) Regulatory Initiatives of Central Asian Countries in Addressing Transboundary Water Issues. *Post-Soviet Issues*, 8(2), 219-228. DOI: <https://doi.org/10.24975/2313-8920-2021-8-2-219-228>.
7. Granita J., Jägerskoga A., Lindströma A. et al. (2012) Water and Security in Central Asia: A Rubik's Cube. *International Journal of Water Resources Development*, 28(3), 395-397.
8. Gubaidullina M., (2015). «Une gestion commune régionale de l'eau en Asie centrale. Les ressources hydrauliques à la rescousse du besoin d'intégration sectorielle, d'entente et de politiques communes du post-soviétisme appliqué», in Pierre Chabal (dir.), *Concurrences interrégionales Europe-Asie au XXI siècle*, Bruxelles: Peter Lang, pp. 227-247.
9. Janusz-Pawletta Barbara, (2012). "Legal Mechanisms of Cooperation to Manage Transboundary Watercourses in Central Asia," *Central Asia: Regionalization vs. Globalization: IX KIMEP International Research Conference proceedings*, Almaty, pp. 7-12.
10. Mukhametzyanov A. (2006) "Water CentrAsia: Problems and Prospects," *CentralAsia. Information Analysis Portal Eurasia*, August 21 <<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1156136880>> қаралған күні: 18.11.2022.
11. Rahaman M.M. (2012). "Principles of Transboundary Water Resources Management and Water-Related Agreements in Central Asia: An Analysis," *International Journal of Water Resources Development* 28(3), pp. 475-491. DOI : <10.1080/07900627.2012.684311> қаралған күні: 20.11.2022.
12. Raymond (1962) *Paix et guerre entre les nations*. Paris: Calmann-Levy. <<https://www.jstor.org/stable/43117577>> қаралған күні: 11.12.2022.
13. Sievers E. (2002). *Water, conflict, and regional security in Central Asia*/N.Y.U. *Environmental Law Journal*. 2002. – Vol. 10, no.3. –P.356-402.
14. Valentini K.L, Orolbayev E.E & Abylgazieva A.K, (2004). *Water problems in Central Asia*, Bishkek: MISA, Socinfromburo & Friedrich-Ebert-Stiftung.
15. Vladimir Voloskiy, *Specific Aspects of the Energy Systems in Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan*. Unpublished paper for UNECE, 2016.
16. Ziganshina D., (2011). *The Role and Relevance of the UN Watercourses Convention to the Countries of Central Asia and Afghanistan in the Aral Sea Basin*, *International Water Law* <[Project//http://www.internationalwaterlaw.org/blog/category/central-asia](http://www.internationalwaterlaw.org/blog/category/central-asia)> қаралған күні: 17.11.2022.
17. Zonn I.S., Belusova A.V. & Kostianoy A.G. (2014). *The Turkmen Lake AltynAsyr and Water Resources in Turkmenistan*, Berlin, Heidelberg: Springer. DOI : 10.1007/978-3-642-38607-7
18. Амирхонов М.М. (2017). Дипломатия водного сотрудничества республики Таджикистан: обеспечение устойчивого развития страны. *Таджикистан и современный мир*, №2(57). с.73-83.
19. Виноградов С. (2002). *Правовое регулирование трансграничных водотоков: источники, инструменты и основные принципы*. Москва.
20. Калимолдаев М.Н., Коваленко А.Г., Мырзахметов М.М., Хачатуров В.Р. (2014). *Водные проблемы Центральной Азии: анализ, методы поиска путей решения проблемы*. Вестник СамГУ, 6(117):239-250.
21. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». (2022 жылғы 30 қыркүйек) "Қытай Халық Республикасымен, Қырғыз Республикасымен, Тәжікстан Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен трансшекаралық суды басқару, пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссиялардағы Қазақстан Республикасының үкіметтік делегациясы туралы", № 781 қаулысы. <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000781>> қаралған күні 02.12.2022.
22. Мубаракшин Б.Н. (2014). Подходы Центральноазиатских республик к реализации регионального водохозяйственного комплекса. Вестник МГИМО Университета, №6. С.101-107.
23. ООН. Международное десятилетие действий «Вода для жизни», 2005–2015 годы. <<https://www.un.org/ru/waterforlifedecade/background.shtml>> қаралған күні: 12.11.2022.
24. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. (2022) Необходимо повысить рациональное использование воды — Премьер-Министр РК. <<https://primeminister.kz/ru/news/neobhodimo-povysit-racionalnoe-ispolzovanie-vody-premer-ministr-kr-2445336>> қаралған күні: 04.12.2022.
25. Turkmenportal. (2018). Президент Туркменистана предложил учредить специализированную структуру ООН по водным вопросам для Центральной Азии. <<https://turkmenportal.com/blog/14922/prezident--turkmenistana-predlozhit-uchredit-specializirovannuyu-strukturu-oon-po-vodnym-voprosam-dlya-centralnoi-azii>> қаралған күні: 12.11.2022.
26. Ормышева Т.А., Кукеева Ф.Т. (2016). Сотрудничество стран Центральной Азии по решению проблемы трансграничных рек: анализ основных соглашений// Вестник КАЗНУ, с.16. <<https://articlekz.com/article/16305?ysclid=lfqx1wfkp2126200843>> қаралған күні: 17.11.2022.

27. Рахматулина, Г. (2008). Перспективы сотрудничества государств Центральной Азии в водохозяйственной сфере. // Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия: материалы Алматинской конференции, Алматы: КИСИ, с.212-227.

28. Рысбеков Ы. (2012). Страны Центральной Азии: к вопросу о разделяемых (трансграничных) водах и эффективности водопользования. Сборник научных трудов НИТЦ МКВК, Ташкент, с.17-29.

29. Хакимов С. (2013). «Правовые аспекты водно-энергетических проблем Центральной Азии (взгляд из Таджикистана)» // Водно-энергетические проблемы Центральной Азии и перспективы их решения. Сборник материалов международной научно-практической конференции. Алматы, с.22-37.

## REFERENCES

1. Agenstva MFSA v Uzbekistane. (n.d.) Proekty osushchestvlyayemye Agentstvom MFSA. <<https://aral.uz/wp/projects-2/>> Accessed 11.11.2022.

2. Analiz dejstvuyushchih soglashenij mezhdou stranami Central'noj Azii v sfere vodnyh vzaimootnoshenij s tochki zreniya nacionalnyh interesov Kazahstana/ Ministerstvo sel'skogo hozyajstva Respubliki kazahstan. Komitet po vodnym resursam. 2016 god. -14 s. <[http://cawater-info.net/reta/documents/pdf/analysis\\_kaz.pdf](http://cawater-info.net/reta/documents/pdf/analysis_kaz.pdf)> Accessed 20.11.2022.

3. Bolatbekov, CH. (2022) Pogranichnye uroki 2022 goda dlya budushchego Central'noj Azii. <<https://www.ritmeurasia.org/news--2022-12-20--pogranichnye-uroki-2022-goda-dlja-budushchego-centralnoj-azii-63689>> Accessed 03.11.2022.

4. Soglashenie mezhdou Pravitel'stvom Respubliki Kazahstan, Pravitel'stvom Kyrgyzskoj Respubliki, Pravitel'stvom Respubliki Uzbekistan ob ispol'zovanii vodno-energeticheskikh resursov bassejna reki Syrdar'ya (g.Bishkek. 17 marta 1998 g.) <<http://cawater-info.net/library/rus/gov1pdf>> Accessed 18.11.2022.

5. Dushanbe deklaraciyasy (2022). Vtoraya mezhdunarodnaya konferenciya vysokogo urovnya po mezhdunarodnomu desyatiletiju dejstvij «Voda dlya ustojchivogo razvitiya, 2018-2028» 6-9 iyunya 2022 goda, g. Dushanbe, Respublika Tadjikistan <<https://dushanbewaterprocess.org/wp-content/uploads/2022/06/2022>> Accessed 12.11.2022.

6. Garbuzarova E. G. (2021) Regulatory Initiatives of Central Asian Countries in Addressing Transboundary Water Issues. Post-Soviet Issues, 8(2), 219-228. DOI: <https://doi.org/10.24975/2313-8920-2021-8-2-219-228>.

7. Granita J., Jägerskoga A., Lindströma A. et al. (2012) Water and Security in Central Asia: A Rubik's Cube. International Journal of Water Resources Development, 28(3), 395-397.

8. Gubaidullina M. (2015). «Une gestion commune régionale de l'eau en Asie centrale. Les ressources hydrauliques à la rescousse du besoin d'intégration sectorielle, d'entente et de politiques communes du post-soviétisme appliqué», in Pierre Chabal (dir.), Concurrences interrégionales Europe-Asie au XXI siècle, Bruxelles: Peter Lang, pp. 227-247.

9. Janusz-Pawletta Barbara, (2012). "Legal Mechanisms of Cooperation to Manage Transboundary Watercourses in Central Asia," Central Asia: Regionalization vs. Globalization: IX KIMEP International Research Conference proceedings, Almaty, pp. 7-12.

10. Mukhametzyanov A. (2006) "Water CentrAsia: Problems and Prospects," CentralAsia. Information Analysis Portal Eurasia, August 21 <<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1156136880>> Accessed 18.11.2022.

11. Rahaman M.M. (2012). "Principles of Transboundary Water Resources Management and Water-Related Agreements in Central Asia: An Analysis," International Journal of Water Resources Development 28(3), pp. 475-491. DOI : <10.1080/07900627.2012.684311> Accessed 20.11.2022.

12. Raymond (1962) Paix et guerre entre les nations. Paris: Calmann-Levy. <<https://www.jstor.org/stable/43117577>> Accessed 11.12.2022.

13. Sievers E. (2002). Water, conflict, and regional security in Central Asia/N.Y.U. Environmental Law Journal. 2002. – Vol. 10, no.3. –P.356-402.

14. Valentini K.L, Orolbayev E.E & Abylgazieva A.K, (2004). Water problems in Central Asia, Bishkek: MISI, Socinfromburo & Friedrich-Ebert-Stiftung.

15. Vladimir Voloskiy, Specific Aspects of the Energy Systems in Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan. Unpublished paper for UNECE, 2016.

16. Ziganshina D. (2011). The Role and Relevance of the UN Watercourses Convention to the Countries of Central Asia and Afghanistan in the Aral Sea Basin, International Water Law <Project// <http://www.internationalwaterlaw.org/blog/category/central-asia>> Accessed 17.11.2022.

17. Zonn I.S., Belusova A.V. & Kostianoy A.G. (2014). The Turkmen Lake AltynAsyr and Water Resources in Turkmenistan, Berlin, Heidelberg: Springer. DOI : 10.1007/978-3-642-38607-7

18. Amirhonov M.M. (2017). Diplomatiya vodnogo sotrudnichestva respubliki Tadjikistan:

obespechenie ustojchivogo razvitiya strany. Tadzhikistan i sovremennyy mir, №2(57). s.73-83 (in Russian).

19. Vinogradov S. (2002). Pravovoe regulirovanie transgranichnyh vodotokov: istochniki, instrumenty i osnovnye principy. Moskva (in Russian).

20. Kalimoldaev M.N., Kovalenko A.G., Myrzahmetov M.M., Hachaturov V.R. (2014). Vodnye problemy Central'noj Azii: analiz, metody poiska putej resheniya problemy. Vestnik SamGU, 6(117):239-250 (in Russian).

21. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық zhıjesi «Әділет». (2022 zhylfı 30 qyrkyjek) "Қытай Halyқ Республикасымен, Қырғыз Республикасымен, Тәжікстан Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен transshekaralyқ суды басқару, пайдалану және қорғау zhөnindegі birlesken komissiyalardary Қазақстан Республикасының үкіметтік delegaciyasy туралы", № 781 қаулысы. <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000781>> Accessed 02.12.2022.

22. Mubarakshin B.N. (2014). Podhody Central'noaziatskih respublik k realizacii regional'nogo vodohozyajstvennogo kompleksa. Vestnik MGIMO Universiteta, №6. S.101-107 (in Russian).

23. OON. Mezhdunarodnoe desyatiletie dejstvıy «Voda dlya zhizni», 2005–2015 gody. <<https://www.un.org/ru/waterforlifedecade/background.shtml>> Accessed 12.11.2022.

24. Oficial'nyj informacionnyj resurs Prem'er-Ministra Respubliki Kazahstan. (2022) Neobhodimo povysit' racional'noe ispol'zovanie vody — Prem'er-Ministr RK. <<https://primeminister.kz/ru/news/neobhodimo-povysit-racionalnoe-ispolzovanie-vody-premer-ministr-rk-2445336>> Accessed 04.12.2022.

25. Turkmenportal. (2018). Prezident Turkmenistana predlozhil uchredit' specializirovannuyu strukturu OON po vodnym voprosam dlya Central'noj Azii. <<https://turkmenportal.com/blog/14922/prezident--turkmenistana-predlozhil-uchredit-specializirovannuyu-strukturu-oon-po-vodnym-voprosam-dlya-centralnoi-azii>> Accessed 12.11.2022.

26. Ormysheva T.A., Kukeeva F.T. (2016). Sotrudnichestvo stran Central'noj Azii po resheniyu problemy transgranichnyh rek: analiz osnovnyh soglashenij// Vestnik KAZNU, s.16.

<<https://articlekz.com/article/16305?ysclid=lfqx1wfkp2126200843>> Accessed 17.11.2022.

27. Rahmatulina, G. (2008). Perspektivy sotrudnichestva gosudarstv Central'noj Azii v vodohozyajstvennoj sfere.// Central'naya Aziya: sostoyanie i perspektivy regional'nogo vzaimodejstviya: materialy Almatinskoj konferencii, Almaty: KISI, s.212-227 (in Russian).

28. Rysbekov Y. (2012). Strany Central'noj Azii: k voprosu o razdelyaemyh (transgranichnyh) vodah i effektivnosti vodopol'zovaniya. Sbornik nauchnyh trudov NITS MKVK, Tashkent, s.17-29 (in Russian).

29. Hakimov S. (2013). «Pravovye aspekty vodno-energeticheskikh problem Central'noj Azii (vzglyad iz Tadzhikistana)» //Vodno-energeticheskie problemy Central'noj Azii i perspektivy ih resheniya. Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Almaty, s.22-37 (in Russian).

## PROBLEMS OF REGULATION OF WATER USE OF TRANSBOUNDARY RIVERS OF CENTRAL ASIAN COUNTRIES

*Albina PRNIYAZOVA*, Doctoral student of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, [a.prniazova@apa.kz](mailto:a.prniazova@apa.kz)

## ПРОБЛЕМЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ ВОДОПОЛЬЗОВАНИЯ ТРАНСГРАНИЧНЫХ РЕК СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

*Альбина ПРНИЯЗОВА*, Докторант Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, [a.prniazova@apa.kz](mailto:a.prniazova@apa.kz)